

ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР / ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ /
PHILOLOGICAL SCIENCES

DOI 10.54596/2958-0048-2026-1-321-332

ЭОЖ 141.201

FTAMA 13.09

АУДАРМА ІСІНДЕГІ МӘДЕНИ ӨЗГЕРІС: КҮШТЕРДІҢ АУЫСУЫ,
ПОСТКОЛОНИАЛДЫ КЕЗЕҢДЕГІ АУДАРМА

Алпысбаева А.Е.^{1*}, Манапбаева Ж.Ж.², Глеулинова М.Б.¹

^{1*} «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ, Алматы, Қазақстан

² Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Алматы, Қазақстан,

*Хат-хабар үшін автор: aygul.alpysbaeva.91@mail.ru

Аңдатпа

Жаһандану жағдайында мәдениеттер арасындағы өзара ықпалдастықтың күшеюі аударматану ғылымында мәдени және постколониалдық зерттеулердің өзектілігін арттыра түседі. Сол себепті мақалада аударматану ғылымындағы мәдени бетбұрыс құбылысы, күштер парадигмасының ауысуы және постколониалдық кезеңдегі аударма мәселелері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – аударма теориясының лингвистикалық модельден мәдени-идеологиялық интерпретацияға көшу үдерісін талдау және аударма мен билік, идеология және мәдени саясат арасындағы өзара байланыстарды айқындау.

Зерттеу барысында салыстырмалы-теориялық талдау, ғылыми әдебиеттерге жүйелі шолу, интерпретациялық және дескриптивті талдау әдістері қолданылды. Материал ретінде аударматану ғылымындағы мәдени бетбұрыс пен постколониалдық аударма теориясына қатысты С. Басснетт, А. Лефевр, Л. Вентути, Э. Генцлер, Д. Катан, М. Тимочко еңбектері қарастырылды.

Зерттеу нәтижесінде аударматанудағы мәдени бетбұрыс аударманы тек мәтінаралық трансформация ретінде емес, мәдени жүйелер арасындағы күрделі өзара әрекеттесу үдерісі ретінде түсіндіруге мүмкіндік бергені анықталды. Сонымен қатар, аударманың идеологиялық ықпал, мәдени үстемдік және әлеуметтік билік құрылымдарымен тығыз байланысты екені көрсетілді. Постколониалдық зерттеулер аударманың мәдени асимметрия жағдайында ұлттық бірегейлікті таныту және мәдени репрезентация құралы ретінде қызмет атқаратынын айқындайды.

Зерттеу нәтижелері аударматану ғылымындағы мәдени парадигманың маңызын көрсетіп, ұлттық аударматану үшін мәдени-идеологиялық факторларды ескере отырып аударма үдерісін зерттеудің қажеттілігін негіздейді.

Кілт сөздер: аударматану, мәдени бетбұрыс, билік бұрылысы, постколониалдық аударма, дескриптивті зерттеулер

КУЛЬТУРНЫЙ ПОВОРОТ В ПЕРЕВОДОВЕДЕНИИ: ТРАНСФОРМАЦИЯ ВЛАСТНЫХ ПАРАДИГМ И ПЕРЕВОД В ПОСТКОЛОНИАЛЬНУЮ ЭПОХУ

Алпысбаева А.Е.^{1*}, Манапбаева Ж.Ж.², Тлеулинова М.Б.¹

^{1*}НАО «Казахский национальный университет имени аль-Фараби»,
Алматы, Казахстан

²Международный университет информационных технологий, Алматы, Казахстан

*Автор для корреспонденции: aygul.alpysbaeva.91@mail.ru

Аннотация

В условиях глобализации усиление взаимодействия между культурами повышает актуальность культурных и постколониальных исследований в переводоведении. В связи с этим в статье рассматриваются явление культурного поворота в переводоведении, смена парадигмы сил и проблемы перевода в постколониальный период. Цель исследования – проанализировать процесс перехода теории перевода от лингвистической модели к культурно-идеологической интерпретации, а также выявить взаимосвязь между переводом, властью, идеологией и культурной политикой.

В ходе исследования были использованы методы сравнительно-теоретического анализа, системного обзора научной литературы, интерпретационного и дескриптивного анализа. В качестве материала рассмотрены труды С. Басснетт, А. Лефевра, Л. Венути, Э. Генцлера, Д. Катана и М. Тимочко, посвященные культурному повороту в переводоведении и теории постколониального перевода.

В результате исследования установлено, что культурный поворот в переводоведении позволяет рассматривать перевод не только как межтекстовую трансформацию, но и как сложный процесс взаимодействия культурных систем. Также показано, что перевод тесно связан с идеологическим влиянием, культурной гегемонией и структурами социальной власти. Постколониальные исследования выявляют роль перевода как инструмента репрезентации культуры и выражения национальной идентичности в условиях культурной асимметрии.

Результаты исследования подчеркивают значимость культурной парадигмы в современном переводоведении и обосновывают необходимость изучения переводческого процесса с учетом культурно-идеологических факторов в рамках национального переводоведения.

Ключевые слова: переводоведение, культурный поворот, власть и перевод, постколониальный перевод, дескриптивные исследования

CULTURAL CHANGE IN TRANSLATION STUDIES: SHIFTS IN POWER AND TRANSLATION IN THE POSTCOLONIAL ERA

A.Ye. Alpysbayeva^{1*}, Zh.Zh. Manapbayeva², M.B. Tleulinova¹

^{1*}Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²International University of Information Technologies, Almaty, Kazakhstan

*Corresponding author: aygul.alpysbaeva.91@mail.ru

Abstract

In the context of globalization, the growing interaction between cultures increases the relevance of cultural and postcolonial studies in Translation Studies. Therefore, the article examines the phenomenon of the cultural turn in Translation Studies, the shift in power paradigms, and translation issues in the postcolonial period. The aim of the study is to analyze the transition of translation theory from a linguistic model to a cultural-ideological interpretation and to identify the relationship between translation, power, ideology, and cultural policy.

The research employs comparative-theoretical analysis, a systematic review of scholarly literature, as well as interpretative and descriptive methods. The study is based on the works of S. Bassnett, A. Lefevere, L. Venuti, E. Genzler, D. Katan, and M. Tymoczko devoted to the cultural turn in Translation Studies and postcolonial translation theory.

The results show that the cultural turn allows translation to be understood not only as an intertextual transformation but also as a complex process of interaction between cultural systems. The study also demonstrates that translation is closely connected with ideological influence, cultural hegemony, and structures of social power. Postcolonial

studies reveal the role of translation as a tool for cultural representation and the expression of national identity under conditions of cultural asymmetry.

The findings highlight the importance of the cultural paradigm in contemporary Translation Studies and justify the need to examine translation processes with consideration of cultural and ideological factors within the framework of national translation studies.

Keywords: Translation Studies, cultural turn, power turn, postcolonial translation, descriptive studies

Кіріспе

Қазіргі аударматану ғылымы әдіснамалық тұрғыдан терең трансформация кезеңін бастан кешіруде. Аударматанудың бастапқы даму кезеңдерінде зерттеулер негізінен тілдік эквиваленттік пен мәтінаралық сәйкестіктерді анықтауға бағытталған болатын. Алайда ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап аударма теориясының зерттеу ауқымы кеңейіп, аударма тек тілдік акт ретінде емес, әлеуметтік-мәдени, идеологиялық және саяси факторлармен тығыз байланысты күрделі құбылыс ретінде қарастырыла бастады. Ал, соңғы жылдарда аударма ісіндегі зерттеулер мәдени және постколониалдық аспектілерге назар аудара отырып, тілдік аудармадан әлеуметтік-идеологиялық трансформацияларға дейінгі кең ауқымды сұрақтарды қамтиды. Мысалы, Г. Өзтүрік зерттеуінде Грузиядағы аударма практикасындағы постсоветтік және неолибералдық контексттерде идеология мен билік құрылымдарының әсерін көрсетеді [1]. Украиналық контексттегі мәдени бетбұрыс зерттеуі аударманың тілдік теңсіздік пен ұлттық бірегейлік қалыптастырудағы рөлін талдайды [2]. Сонымен қатар, танымал халықаралық деңгейдегі журналдар (Across Languages and Cultures және Target Translation Studies) мәдени және постколониалдық бағыттағы зерттеулерді жариялап, саланың ғылыми аясын кеңейтеді. Қазіргі кезеңде Қазақстандағы да аударма зерттеулері мәдениет, постколониалдық аспектілер және ұлттық контекстке қатысты мәселелерді зерттеуге көтереді. Мысалы, С.К. Ким өзінің зерттеуінде қазақ тіліндегі аудармашылық ғылымның ХХ-XXI ғасырлардағы дамуын қарастырып, аударма саласының тарихи эволюциясын сипаттайды. Бұл жұмыс Қазақстандағы аударма зерттеулерінің дербес ғылыми сала ретінде қалыптасуын көрсетеді [3].

Мәдени аспектілерге қатысты зерттеулерде этномәдени маркерлерді прозалық мәтіндерде аудару стратегияларын талдап, аударманың мәдениетаралық коммуникациядағы рөлін талқыланады. Авторлар аударма арқылы мәдени өзара әрекеттесудің қалай көрінетінін және мәдени элементтердің сақталуының маңыздылығын дәлелдейді [4].

Постколониалдық зерттеулерде Қазақстан және Орталық Азия әдебиетінің аудармаларын мәдени диалог және постколониалдық перспективалар аясында қарастырылады. Аударманың тек мәтіндік трансформация емес, сонымен қатар мәдени үстемдік және идеологияның ықпалына қатысты күрделі процесс екенін көрсетіледі [5].

Мәдени трансфер мәселелеріне назар аударған жұмысында О.К. Андрющенко мен Ғ.А. Орынханова аударма арқылы ұлттық әдебиеттің мәдени репрезентациясын қарастырады. Олар аударма мәтіндерінде мәдени жүйелердің өзара әрекетін және контекстуалды ерекшеліктерін анықтау жолдарын пысықтайды [6]. Сонымен қатар, аударманың ұлттық мәдениетті халықаралық аудиторияға жеткізудегі рөлін зерттейді. Бұл жұмыс Қазақстандағы аударма зерттеулерінің интермәдени аспектілерін нақты көрсететін мысал болып табылады [7].

Жалпы алғанда, қазақстандық зерттеулер аударма процесін мәдениетаралық коммуникация, постколониалдық теория және ұлттық мәдени репрезентация тұрғысынан қарастырады. Бұл көрсеткендей, Қазақстандағы аударма зерттеулері қазіргі кезеңде мәдени және идеологиялық факторларды ескере отырып, халықаралық тәжірибеге интеграцияланған, өзіндік дербес бағыт ретінде дамып келеді.

Аударматану ғылымындағы мұндай өзгерістер 1980-1990 жылдары қалыптасқан «мәдени бетбұрыс» (cultural turn) ұғымымен байланыстырылады. Бұл бағыттың қалыптасуына С. Басснетт пен А. Лефеврдің еңбектері айтарлықтай ықпал етті [8]. Зерттеушілер аударманы тек мәтінаралық трансформация ретінде қарастыру жеткіліксіз екенін көрсетіп, оны мәдени жүйелер арасындағы өзара әрекеттесу құралы ретінде түсіндіру қажеттігін негіздеді. Осы кезеңде аударма әдеби жүйенің элементі ғана емес, сонымен қатар мәдени саясат, идеология және билік құрылымдарымен байланысты әлеуметтік практика ретінде қарастырыла бастады.

Кейінгі зерттеулерде бұл бағыт одан әрі дамып, аударма мен билік арасындағы өзара байланыс мәселелері алдыңғы қатарға шықты. Мәселен, Л. Венути аудармашының «көрінбейтіндігі» концепциясын ұсына отырып, аударманың мәдени үстемдік пен идеологиялық ықпал механизмдерімен байланысын талдады [9-12]. Ал Э. Генцлер аударматанудағы бұл үрдісті «билік бұрылысы» (power turn) ретінде сипаттап, аударманың мәдени және саяси процестердегі рөлін зерттеу қажеттігін атап өтті [13].

Сонымен қатар ХХ ғасырдың соңында аударматануда постколониалдық зерттеулер кеңінен дамыды. Бұл бағыт аударманы мәдениеттер арасындағы асимметриялық қатынастар, гегемония (белгілі бір мәдени, саяси немесе идеологиялық күштің қоғамдағы үстем ықпалын білдіретін ұғым) және мәдени репрезентация мәселелері тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік берді. Постколониалдық теория аударманың отарлық және постколониалдық кеңістіктегі мәдени саясаттың маңызды құралдарының бірі екенін көрсетеді. Мұндай зерттеулер аудармашының *агенттік рөлін* (яғни аудармашының тек мәтінді жеткізуші ғана емес, аударма процесінде шешім қабылдайтын және мәдени мағыналарды қалыптастыруға ықпал ететін белсенді қатысушы ретіндегі қызметін), сондай-ақ бастапқы және мақсатты мәдениеттер арасындағы күш теңсіздігін талдауға бағытталған.

Жаһандану жағдайында мәдениеттер арасындағы байланыстардың күшеюі аударматанудағы мәдени және постколониалдық зерттеулердің өзектілігін арттыра түседі. Аударма қазіргі уақытта тек мәтінді бір тілден екінші тілге жеткізу үдерісі ғана емес, сонымен қатар мәдени кодтарды интерпретациялау және түрлі мәдени жүйелер арасындағы диалогты қалыптастыру механизмі ретінде қарастырылады.

Осыған байланысты аударматанудағы мәдени бетбұрыс пен постколониалдық зерттеулерді кешенді түрде қарастыру ерекше ғылыми маңызға ие. Алайда бұл мәселелер көбінесе батыс ғылыми дәстүрі аясында зерттеліп, олардың теориялық тұжырымдамаларын жүйелі түрде талдау қажеттілігі сақталып отыр.

Осы тұрғыдан алғанда, мақаланың мақсаты – аударматану ғылымындағы мәдени бетбұрыс құбылысын талдау және постколониалдық кезеңдегі аударманың теориялық түсіндірілуін айқындау.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің материалдық базасын аударматану ғылымындағы мәдени бетбұрыс, билік парадигмасы және постколониалдық аударма мәселелеріне арналған шетелдік ғылыми еңбектер құрайды. Атап айтқанда, С. Басснетт пен А. Лефеврдің мәдени бетбұрыс тұжырымдамасына қатысты еңбектері, Л. Венутидің аудармашының

«көрінбейтіндігі» және аударманың идеологиялық аспектілеріне арналған зерттеулері, Э. Генцлердің аударма мен билік арасындағы байланыс туралы ғылыми тұжырымдары, сондай-ақ Д. Катан мен М. Тимочконың, Л. Чемберлен мен П. Бурдьеның мәдени аударма мәселелеріне арналған еңбектері талдау нысаны ретінде алынды.

Бұл еңбектер аударматанудағы мәдени парадигманың қалыптасуы мен дамуын, аударма мен идеология, билік және мәдени саясат арасындағы өзара байланыстарды кешенді түрде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Зерттеу әдіснамалық тұрғыдан пәнаралық сипатқа ие. Жұмыста салыстырмалы-теориялық талдау әдісі қолданылып, аударматанудағы негізгі ғылыми бағыттардың ұстанымдары өзара салыстырылды. Дескриптивті талдау әдісі арқылы аударманың мәдени жүйедегі орны мен қызметі қарастырылды. Интерпретациялық әдіс ғылыми концепциялардың мазмұнын ашуға және олардың эволюциялық дамуын анықтауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар мәдени-тарихи әдіс аударма теориясының қалыптасуын белгілі бір әлеуметтік-саяси контекстермен байланыстыра талдауға бағытталды. Жүйелеу және жалпылау тәсілдері арқылы зерттеу нысанына қатысты негізгі теориялық ұстанымдар біріктіріліп, аударматанудағы парадигмалық өзгерістердің тұтас ғылыми көрінісі жасалды.

Талқылау мен нәтижелері

Әу бастан жеке өзі емес, лингвистика мен әдебиет ғылымдарының арнасында дамыған аударма саласының, оның жекелеген теорияларының даму тарихын әрине батыстан аламыз. Аударманың дамуы қоғам мен ондағы орын алып жатқан өзгерістермен тығыз байланысты болды. Мәдениет аудармасы бүгінде аударматанудағы стандартты тақырып, әдетте лингвистикалық және әлеуметтік білімді, көрегендікті және шеберлікті талап ететін күрделі мәселе ретінде қарастырылады. Алайда, үнемі олай болған жоқ. Аударматану ғылымының, оның жекелеген теорияларының өмірге келіп, қолданысқа енуі басқа ғылымдардағыдай уақыт сынынан өтіп, белгілі бір дәуірді басынан кешіріп отырды. Кейбірі осы уақытқа дейін сөз етіліп, аударманың фундаментальді теорияларының негізін қаласа, кейбірі сынға ұшырап, біраз қолданыстан соң тоқырап жатты. Бірақ әрқайсысының әлемдік аударма ғылыми дискурсын құруда алған орнының маңызын жоққа шығара алмаймыз.

Мәдениетті аудару, мәдени аударма дәуірінің де аударма саласына еніп, түрөзгерісін бастан кешіруі біраз уақыт алды. Атап айтсақ, *дескриптивті аударманың* (яғни аударманы нормативтік тұрғыдан бағалаудан гөрі, нақты аударма тәжірибесін сипаттап зерттеуге бағытталған ғылыми бағыттың) алғашқы тәжірибешілерінің көпшілігі лингвистикалық және *функционалистік көзқарас* (аударманы мәтіннің мақсаты мен қызметі тұрғысынан қарастыратын бағыт) ізашарларынан бір ұрпақ кіші болды [14]. Көпшілігі соғыстан кейінгі ұрпақ өкілдері – Екінші Дүниежүзілік соғысты жеке бастан өткергендер емес, көбінен «1968 ж ұрпағы» деп аталатын сол кездегі еуропалық студент белсенділер. Соғыстан кейінгі осы ұрпақтың саясаттануына қарамастан, алғашқы сипаттамалық зерттеулер негізінен әдеби мәселелерге бағытталды. Өйткені гуманитарлық ғылымдардағы жүйелік тәсілді негізінен әдебиеттанушылар дамытты. Ертедегі дескриптивті зерттеулер негізінен әдеби репертуардың ерекшеліктері, оның ішінде жанр, стиль және форманың басқа элементтері сияқты стандартты әдеби мәселелерге бағытталған. Атап айтқанда, патронаж, баспа практикасы, әдеби жүйелердің дамуы мен ауысуындағы аударманың рөлі. Яғни, кейбір ерте дескриптивті зерттеулер

идеология мен саясат туралы сұрақтар туғызғанымен, алғашқы сипаттамалық зерттеулердің көпшілігі идеологиялық емес, әдеби арнаға бағытталды.

Алайда, аударманың соңғы дескриптивті зерттеулері, керісінше, идеология мен саясатқа қатысты мәселелерге қатысты болды. Бір жағынан бұл қозғалыстар аударма ісінің саяси жетілуін білдіреді. 1960 жылдардың аяғында қырғи қабақ соғысқа байланысты тарихи оқиғалар билікті осындай мәдени салаларда ынталандырушы фактор ретінде түсінуді тереңдете бастады. *Материалистік теорияларға* (мәдени және әлеуметтік құбылыстарды ең алдымен экономикалық қатынастар мен өндірістік құрылымдар арқылы түсіндіретін теориялық бағыттар) немесе неғұрлым кең таралған *либералды саяси теорияларға* (жеке еркіндік, құқықтар мен демократиялық институттардың рөліне негізделген саяси тұжырымдамаларға) сүйенген біршама аңғал идеологиялық анықтамалық шеңберлер ыдырай бастады. Сонымен қатар, Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейінгі жиырма жыл ішінде Батыс империализмінің бүкіл әлем бойынша отаршылдық қарсылықтың бірінен соң бірі орталық күштен жеңілуі орасан зор геосаяси өзгерістер мен қайта құруларға, сондай-ақ идеологияларды кеңінен қайтадан қарауға әкелді. Вьетнам Соғысы, оған қарсы наразылықтар және АҚШ-тың жеңілісі барлық түрдегі экспансионистік идеологияларға қарсы шыққан.

Сондай-ақ, іс жүзінде барлық мәдениеттерде үстем идеологиялардан түңілу қоғамды қайта қарауға әкелді. Мұндай өзгерістер нәсілшілдік пен этникалық езгіге қарсы тұрудан (Америка құрама штаттарындағы және басқа елдердегі Азаматтық Құқықтар қозғалыстарында байқалады), феминизмнің күшеюінен, 1960 жылдардағы әлемнің көптеген жерлеріндегі наразылықтардан және Кеңестік блок елдеріндегі қарсылықтан көрінеді. Бұл мүдделер Кеңес Одағы ыдырауы, Қырғи қабақ соғыстың аяқталуы, постколониализмнің өркендеуі, әлем экономикалары мен мәдениеттерінің жаһандануынан кейін жеделдеді. Осылайша, соңғы дескриптивті аударма зерттеулерінде идеология мен билікке баса назар аудару 1960 жылдардан бергі үлкен саяси траекторияларға қатысты.

1980 жылдардың аяғынан бастап аударма саласындағы дескриптивті (сипаттамалық) зерттеулердің екінші кезеңінің маңызды бағыттарының бірі «*мәдени бетбұрыс*» (cultural turn) деп аталды. Бұл термин Сюзан Басснет пен Андре Лефевр өндеген «Аударма, тарих және мәдениет» (1990) атты очерктер жинағы шыққаннан кейін кеңінен қолданыла бастады [8]. Аударма саласындағы сипаттамалық зерттеулердің осы кезеңінің өсуі жоғарыда аталған саяси мәнмәтінмен байланысты, бірақ сонымен бірге ХХ ғасырдың соңғы жиырма жылындағы мәдени зерттеулердің дамуын көрсетеді. Аударма ісіндегі мәдени бетбұрыс пен мәдениеттанудың өрлеуі арасындағы ұқсастықтар айқын.

Әртүрлі себептерге байланысты аударма мәдениеттану көтерген кейбір негізгі сұрақтарды шешудің тамаша тәсілі болып табылады. Себебі аударма әдетте мәтінмен тығыз байланысты. Аударылған мәтін – түпкі аударма өнімі. Осылайша, «аударма өнімдері» зерттеушілердің қарауына ашық мәдени өзара әрекеттесу іздерін қалдырады. Аударма тілдердің, семиотикалық жүйелердің, мәдени өнімдердің және мәдени ұйымдастыру жүйелерінің *интерфейсін* қамтиды және ол әртүрлі мәдениеттердегі жүйелердің осы ерекшеліктерінің айырмашылықтары мен ұқсастықтарын анық көрсетеді. *Интерфейс* деп біз бұл контексте әртүрлі тілдік, семиотикалық және мәдени жүйелердің өзара әрекеттесуі жүзеге асатын, мағыналар алмасуы мен трансформациясы жүретін түйісу кеңістігін түсінеміз. Мәдениеттануды қызықтыратын мәдени өндірістің көптеген аспектілері сияқты, аударма да идеологияның ықпалын көрсетеді. Бірақ оның

идеология орталықтарынан аздап алшақтығы оны көбінесе идеологиялық мәселелерді зерттеу құралы ретінде қалыптасады. Мәдениеттанудың көптеген қызығушылық тудыратын объектілері сияқты, аудармалар көбінесе мәдени тұрғыдан *маргиналды* (яғни мәдени жүйенің орталық емес, шеткері аймақтарында орналасқан) құбылыс ретінде қарастырылады, кейде жоғары және төмен мәдениет, халықтық мәдениет және бұқаралық мәдениет деп аталатын салаларды біріктіреді. Мәдени өндірістің экономикалық матрицасы (мәдени өнімдердің жасалуына, таралуына және тұтынуына әсер ететін экономикалық қатынастар жүйесі) көбінесе аудармаға қатысты ерекше айқын болып табылады. Бұл мәдениеттанудағы қызығушылықтың басқа бағытын көрсететін материалистік талдауға мүмкіндік береді. Ақырында, мәдени патронаж (камқорлық) бен билік жүйелері көбінесе аударма процестері мен өнімдерінде көрінеді.

Осы қызығушылықтардың барлығы аударма ісінің мәдени өзгерісінде көрінеді. Аталмыш парадигма аясында жазған көптеген ғалымдар әдеби мәселелерді қарастыруды жалғастырды, бірақ олар аударманың идеологиялық аспектілеріне, оның ішінде аударма ісі саласының өзіне тән идеологиялық аспектілеріне назар аударма бастады. Дескриптивті зерттеулердің екінші кезеңі алғашқы аударма зерттеулеріне қарағанда перспективаларға (тәжірибеге негізделген көзқарас) көбірек көңіл бөлді және әлдеқайда өзіндік рефлексивтілігімен ерекшеленді. Сондай-ақ, ол мәдениетке қатысты балама, тіпті *диссиденттік көзқарастарды* қарастырды. Диссиденттік көзқарас деп қоғамда үстем болып отырған идеологиялық немесе мәдени ұстанымдарға қарсы альтернативті пікірлер мен позицияларды түсінеміз. Нақты зерттеулер жай ғана мәтіндер мен контекстерді емес, сонымен қатар субтексттерді (мәтінде тікелей айтылмаған, бірақ астарлы түрде берілетін мағыналар мен идеяларды) де қарастырады. Әсіресе идеологияға, саяси құндылықтарға және де *гегемонияға* (яғни белгілі бір мәдени немесе саяси күштің қоғамдағы үстем ықпалы мен басымдығын білдіретін ұғымға) ерекше мән беріледі. Нәтижесінде 1990 жылдары аударманың осы факторлармен байланысы тереңірек түсініле бастады. Осы қозғалыстың зерттеулерінің үлкен бөлігі негізінен сипаттамалық болып қалғанымен, кейбіреулері аударма ісі саласының өзіне қатысты *рефлексивті теориялық көзқарастарды* (яғни зерттеушінің өз зерттеу әдістері мен теориялық ұстанымдарын сыни тұрғыдан қайта қарастыруға негізделген ғылыми тәсілді) қабылдай бастады.

Осындай метазерттеулерді, мысалға, Лори Чемберленнің «Гендер және аударманың метафорикасы» (1992) атты эссесінде табуға болады [15]. Лоуренс Венутидың жұмысы да (1992, 1995, 1998a, 1998b) [9-12] мәдени өзгеріс контекстінде қолданыла алады, оның әртүрлі бағыттарын камтиды, аударманың сипаттамалық тәсілін идеология мен билік, сондай-ақ пәнге қатысты өзіндік рефлексивтілікпен баса назар аударма отырып біріктіреді. Сонымен қатар, Венути мәдени бетбұрыстың тағы бір тенденциясын, атап айтқанда аударманың айналысатын тәжірибесіне адалдығын көрсетеді.

Аударма ісіндегі мәдени өзгерісті құрайтын зерттеулердің барлығында дерлік *постпозитивистік көзқарастар* (білімнің абсолютті шындық ретінде емес, әлеуметтік-мәдени контекстке тәуелді, салыстырмалы және көпқырлы құбылыс ретінде қарастырылуына негізделген ғылыми ұстанымдарға) мен баламалы пікірлерге баса назар аударылатыны анық көрінеді. Сондай-ақ, мәдени өзгеріс аудармаға функционалистік тәсілдерді *рекурсивті қолдануды* (талдау барысында белгілі бір тәсілдерді бірнеше рет қайталап, жаңа контексттерге бейімдеп қолдану үдерісін) болжайтынын атап өткен жөн. Мұнда қойылатын сұрақтар мәтін мен мәтін түрінің контекстіндегі беткі немесе құрылымдық талдаудан процесстердің идеологиялық функциялары мен аударманың

өнімдерін талдауға ауысады. Мәдени өзгеріс нәтижесінде сипаттамалы аударма ісі аудармашының, бастапқы мәдениеттің, мақсатты мәдениеттің, аударма өнімінің және де зерттеушінің позициясын сараптауын тереңдете түсті. Позиция тек тарих, география, материалдық мәдениет немесе әдеби жүйе мәселесі ғана емес, сонымен қатар билік құрылымдарына, идеологияға, саясатқа және этикаға қатысты мәселе ретінде қарастырыла бастады.

Аударма мен билік арасындағы қарым-қатынасқа деген қызығушылық мәдени айналымның алғашқы кезеңдерінде айқындала бастады, бірақ өте келе ол 1990-шы жылдары аударма ісінде тәуелсіз дискурса айналды. Эдвин Генцлер бұл дамуды аударма ісіндегі «билік бұрылысы» деп атап, «Аударма және билік» жинағында аса көңіл бөлді [13]. Билік бұрылысы агенттік мәселелерге, аударманың мәдени өзгерістерге әсер ету жолдарына және аударманың үстемдікке, мәдени талапқа, мәдени қарсылыққа және белсенділікке деген қатынасына бағытталған. Аудармашы ғалымдар аударма мен билік арасындағы байланыстың көптеген қырларын, соның ішінде саяси басқару мен бұрылысты, аударманың саяси дискурстарды құрудағы күшін және аудармашылардың агент ретіндегі күшін, сондай-ақ дискурс құрылымдары және цензура сияқты аударманы басқаратын мәдениеттің идеологиялық аспектілерін зерттеді. Бұл парадигма аясындағы сипаттамалы зерттеулер билікті тек жоғарыдан төмен қарай жүзеге асатын құбылыс ретінде қарастырмайды. Керісінше, билік қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік және мәдени факторлар арқылы жүзеге асатын күрделі құбылыс ретінде түсіндіріледі. Ол тек саяси институттарда ғана емес, сонымен қатар мәдени тәжірибелер мен дискурстарда, сондай-ақ қарсылық пен балама көзқарастар арқылы да көрініс табады. Аударма ісінің осы саласындағы зерттеулер, сондай-ақ, билік қатынастарын қарама-қарсы полюстер арқылы түсіндіретін жеңілдетілген модельдерден аулақ болуға ұмтылады. Биліктің неғұрлым күрделі парадигмасында аударма дискурстар қиылысатын және бәсекелесетін қызмет ретінде қарастырылады. Аударма нақты тарихи және материалдық сәттердің императивтерін қанағаттандыру үшін күрделі тәсілдермен ауыстыра, билік қатынастарын келістіреді.

Демек, дескриптивті (сипаттамалық) зерттеулердің екінші кезеңінің маңызды бағыты постколониалдық аударма зерттеулері болып табылады, ол идеология мен билікке қатысты маңызды сұрақтар қояды. Постколониалдық аударма зерттеулері аударманы перспективалар айырмашылығы жоғарылап, жиі асимметриялық билік қатынастары, сонымен қатар түбегейлі тілдік және мәдени айырмашылықтар арқылы поляризацияланған контекстерде қарастыратынын байқай аламыз. Осылайша, көпшілік сипаттамалық зерттеулердің, әсіресе идеологияға қатысты, постпозитивистік сипаты постколониалдық аударма зерттеулерінде айқын көрінеді, себебі мұндай контекстерде аударма оқиғаларының өзегінде әдетте перспективалардың түбегейлі айырмашылықтары жатыр. Постколониалдық аударма зерттеулерінің басты мәселелері мәдениеттер мен тілдер арасындағы семиотикалық айырмашылықтарды, сондай-ақ мәтінді әлеуметтік құрылымдау және манипуляциялау үшін пайдалануды қамтиды. Осылайша, бұл тәсілдердің бұрынғы лингвистикалық және функционалистік аударма теорияларымен байланысын көрсетеді.

Аударма зерттеулерінің екінші кезеңіндегі ең соңғы қозғалыс «халықаралық бетбұрыс» деп аталды және ол көптеген мәселелер бойынша постколониалдық аударма зерттеулеріне қатысты. Қазіргі уақытта бұл қозғалыс Еуропа мен Америкадан тыс аудармашылар мен аударма зерттеушілерінің рөлін арттыруымен ерекшеленеді, және Халықаралық Аударма және Мәдениетаралық Зерттеулер Ассоциациясы (IATIS)

құрылысымен белгіленеді. Осыған байланысты қазіргі уақытта екі конференция өткізілді. Бұл қозғалыстың араласуы аударма зерттеулерін үстем Батыс көзқарастарынан асыра жылжытып, Батыс деректері мен Батыс аударма тарихына негізделген саладағы барлық аспектілерді қайта қарап, күмән келтіруге алып келді. Нәтижесінде аударма туралы негізгі идеялар мен үстем аударма тәжірибелері қайта қарастырылып, аударма туралы түсініктер еуроцентристік ойлаумен шектелмей, жергілікті білімге негізделген жаңа көзқарастар кеңейді.

25 жылдан астам уақытқа созылған сипаттамалық аударма зерттеулерінің бұл қысқаша шолуы постпозитивистік зерттеудің осы тәсілмен қалыптасқанын көрсетеді. Постпозитивизм – ғылыми білімнің абсолютті әрі толық объективті болмайтынын, оның әлеуметтік-мәдени контекстке тәуелді қалыптасатынын және зерттеушінің интерпретациясы арқылы түсіндірілетінін мойындайтын ғылыми-әдіснамалық бағыт. Барлық типтегі құрылымдарға назар аудара отырып және бастапқы мәтіндерге, аудармашыларға, мақсатты мәтіндерге, қолдаушыларға және аудиторияға қатысты көзқарастарды, сондай-ақ пәннің ішіндегі көзқарастарды нақты мойындай отырып, сипаттамалық аударма зерттеулерінің әртүрлі кезеңдері аударма зерттеулерінің постпозитивистік зияткерлік зерттеуге толық берілгендігін көрсетеді.

Сонымен қатар, аса танымал аударматанушы ғалым М. Тимочко ұсынған мәдени аудармаға холистикалық (тұтастық) көзқарасқа толығырақ тоқталсақ дейміз. Себебі мұнда автор мәдениетті аударуда қазір бар тенденцияларды жан-жақты талдай келе, өзіндік пікірін ұсынады. Ғалымның пікірінше «Мәдени айырмашылықтарды аудару тек аудармашының күші мен құзыретінің орталығы ғана емес, сонымен қатар аудармашы өзінің ең үлкен шеберлігін көрсететін жер» [16]. Белгілі аударматанушы Д. Катан аудармашыны мәдени делдал ретінде қарастыру керектігін бірнеше рет осы себепті атап өткенінде күмән жоқ [17]. Ғалымның пікірінше, мәдени аударманың қалай жүзеге асырылатыны әлі де жұмбақ болып табылады және әрдайым жақсы талданбайды. Осы тақырыптағы әдебиеттердің көп бөлігі бір-бірімен тығыз байланысты мәдениеттерге сілтеме жасай отырып жазылғандықтан белгілі бір дәрежеде мәдени аударма мәселесі көмескіленеді, мұнда мәдени айырмашылық дәрежесі өте аз заманауи Еуропалық тілдер мен мәдениеттер арасындағы аудармаға ерекше назар аударылады. Үлкен мәдени айырмашылық пайда болған кезде, мәдени аудармадағы қиындықтар сәйкесінше көбейеді. Мәдени аударманы теориялық және практикалық тұрғыдан қарастыру, уақыт пен кеңістікке байланысты аударма ұғымын тұжырымдау сияқты аударма зерттеулерінің бұл саласы батыстық деректерден асып түсу арқылы үлкен пайда көретін болады.

Егер П. Бурдьё айтқандай, жергілікті халыққа да (инсайдер), сырттан келген адамдарға да (аутсайдер) мәдениеттің табиғатын түсіну қиынға түссе, аудармашылар түпнұсқа мәтіндердің мәдени элементтерін қалай түсіне алады? [18] Мұндай түсініктерге қол жеткізуге болады деп есептесек, аудармашылар түпнұсқа мәтіндегі мәдени элементтерді қабылдаушы аудиторияның қажеттіліктеріне қалай бейімдеу керектігін қайдан біледі? Аударманың мақсатты аудиториясына бастапқы мәдениет пен бастапқы материалды түсінуге мүмкіндік беретін бейнелерді қалай қалыптастырады? Мұндай сұрақтардың постпозитивистік эпистемология (білім мен ғылыми танымның тек объективті деректерге ғана емес, әлеуметтік, мәдени және интерпретациялық контекстерге де тәуелді екенін мойындайтын философиялық көзқарас) шеңберінде нақты жауаптары жоқ, және осы мәселені шешудегі қиындықтар этнографтар мен антропологтардың өз салаларында мәдениетті бейнелеу мәселесі бойынша дағдарысқа тап болу себептерінің бірі болып табылады.

Этнография мен антропологиядағы өкілдік дағдарыстың қарапайым шешімі болмағаны сияқты, аударматануда мәдени аударманың көтерген мәселелерінің де қарапайым шешімі жоқ. Соған қарамастан аудармашылар аударуы керек. Қазіргі уақытта көптеген әлеуметтік ғылымдарда кеңінен талқыланып жатқан теориялық сұрақтарға түпкілікті жауаптар берілмесе де, мәдени делдалдыққа қатысты ең терең мәселелерді уақытша шешетін аударма тәжірибесінің болуы өте маңызды.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, мақалада аударматану ғылымындағы мәдени бетбұрыс құбылысы тарихи-әлеуметтік өзгерістер контекстінде қарастырылып, аударма теориясындағы лингвистикалық модельден мәдени-идеологиялық парадигмаға көшу үдерісі талданды. Зерттеу нәтижелері аударманың тек тілдік трансформация құралы ғана емес, сонымен қатар мәдени кодтарды, тарихи жадты және ұлттық дүниетанымды қалыптастыруға ықпал ететін әлеуметтік-мәдени практика екенін көрсетеді.

Сонымен қатар постколониалдық теория аясында аударманың мәдени үстемдік пен қарсылық механизмдерімен байланысы анықталып, аудармашының мәдени медиатор және интерпретатор ретіндегі агенттік рөлі айқындалды. Аударма үдерісі бастапқы және мақсатты мәдениеттер арасындағы асимметриялық қатынастарды бейнелейтін және кей жағдайда оларды қайта қалыптастыратын күрделі мәдени коммуникация кеңістігі ретінде қарастырылды.

Зерттеу нәтижелері қазақ аударматану ғылымында мәдени бетбұрыс пен постколониалдық тәсілдерді қолданудың ғылыми маңызын көрсетеді. Бұл бағыт ұлттық әдебиетті халықаралық мәдени кеңістікке танытуда, сондай-ақ қазақ мәдениетінің ерекшеліктерін басқа тілдерге аудару барысында мәдени семантика мен идеологиялық контекстті ескерудің қажеттілігін дәлелдейді.

Осы тұрғыдан алғанда, мәдени аударма мәселелерін зерттеу ұлттық аударматану ғылымының теориялық негіздерін кеңейтуге және қазақ әдебиетін әлемдік мәдени айналымға енгізу стратегияларын дамытуға ықпал етеді.

Әдебиет:

1. Öztürk G. M. Translation and Power in Georgia: Postcolonial Trajectories from Socialist Realism to Post-Soviet Market Pressures // *Humanities*. – 2025. – Vol. 14. – № 9. – P. 174. – DOI: <https://doi.org/10.3390/h14090174>
2. Pavlenko O. Cultural Turn in Ukrainian Translation // *Вісник Маріупольського державного університету. Серія: Філологія*. – 2023. – № 16. – P. 74-81. – DOI: <https://doi.org/10.34079/2226-3055-2023-16-29-74-81>
3. Ким С.К. Қазақстандық аударматану саласындағы зерттеулер тақырыптарының бастапқы ретроспективті талдауы (XX ғасырдың ортасынан XXI ғасырдың басына дейін) // *Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы*. – 2022. – № 64(1). – DOI: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2022.64.1.020>
4. Kadisha N., Ternavskaya M., Rakhimbayeva G., Nurgali R., Aubakirova K. Translating Ethnocultural Markers in Oralkhan Bokeev's Prose: Interplay of Translation Strategies, Cultural Context, and Literary Significance // *Forum for Linguistic Studies*. – 2025. – Vol. 7. – № 10. – P. 99-112. – DOI: <https://doi.org/10.30564/fls.v7i10.9717>
5. Akhmetova A., Hanayi O., Junisbayev A. The Relevance of the Study of Central Asian Literature in the Aspect of Postcolonialism // *Journal of Oriental Studies*. – 2022. – Vol. 103. – № 4. – P. 58-68. – DOI: <https://doi.org/10.26577/JOS.2022.v103.i4.06>

6. Андрющенко О., Орынханова Г. Мәдени трансфер нәтижесінде отарлық және постотарлық Қазақстан әдебиетіндегі трансмәдениеттілік // Тіл және әдебиет: теориясы мен тәжірибесі. – 2025. – № 4(2). – P. 24-37. – DOI: <https://doi.org/10.52301/2957-5567-2025-4-2-24-37>
7. Akkalyiyeva A., Abdykhanova B., Meirambekova L., Jambayeva Z., Tussupbekova G. Translation as a Communication Strategy in Representing National Culture // Social Inclusion. – 2021. – Vol. 9. – № 1. – P. 5-13. – DOI: <https://doi.org/10.17645/si.v9i1.3455>
8. Bassnett S., Lefevere A. (eds.). Translation, History and Culture. – London; New York: Pinter Publishers, 1990. – 188 p.
9. Chamberlain L. Gender and the Metaphors of Translation // Rethinking Translation: Discourse, Subjectivity, Ideology / ed. by L. Venuti. – London; New York: Routledge, 1992. – P. 57-74.
10. Venuti L. Introduction // Rethinking Translation: Discourse, Subjectivity, Ideology / ed. by L. Venuti. – London; New York: Routledge, 1992. – P. 1-17.
11. Venuti L. The Translator's Invisibility: A History of Translation. – London; New York: Routledge, 1995. – 353 p.
12. Venuti L. The Scandals of Translation: Towards an Ethics of Difference. – London; New York: Routledge, 1998. – 210 p.
13. Venuti L. The American Tradition // The Translation Studies Reader / ed. by L. Venuti. – London; New York: Routledge, 1998. – P. 187-197.
14. Genzler E. (ed.). Translation and Power. – Amherst; Boston: University of Massachusetts Press, 2002. – 201 p.
15. Lefevere A. (ed.). Translation, Rewriting and the Manipulation of Literary Fame. – London; New York: Routledge, 1992. – 176 p.
16. Katan D. Translating Cultures: An Introduction for Translators, Interpreters and Mediators. – 2nd ed. – Manchester: St. Jerome Publishing, 2004. – 378 p.
17. Tymoczko M. Translation, Ideology, and Creativity // *Linguistica Antverpiensia. New Series – Themes in Translation Studies*. – 2021. – № 2. – DOI: <https://doi.org/10.52034/lanstts.v2i.74>
18. Bourdieu P. The Logic of Practice. – Stanford: Stanford University Press, 1990. – 333 p.

References

1. Öztürk G. M. Translation and Power in Georgia: Postcolonial Trajectories from Socialist Realism to Post-Soviet Market Pressures // *Humanities*. – 2025. – Vol. 14. – № 9. – P. 174. – DOI: <https://doi.org/10.3390/h14090174>
2. Pavlenko O. Cultural Turn in Ukrainian Translation // *Вісник Маріупольського державного університету. Серія: Філологія*. – 2023. – № 16. – P. 74-81. – DOI: <https://doi.org/10.34079/2226-3055-2023-16-29-74-81>
3. Kim S. K. Kazakstandyk audarmatanu salasyndagy zertteuler takyryptarynyn bastapky retrospektivti taldauy (XX gasyrdyn ortasynan XXI gasyrdyn basyna deiin) [Preliminary retrospective analysis of research topics in Kazakh translation studies (from the mid-20th to the early 21st century)] // *Abilay khan atyndagy Kazakh Khalykaralyk Katynastar zhane Alem Tilderi Universitetinin Khabarshysy. Filologiya gylymdary seriyasy*. – 2022. – № 64(1). – DOI: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2022.64.1.020>
4. Kadisha N., Ternavskaya M., Rakhimbayeva G., Nurgali R., Aubakirova K. Translating Ethnocultural Markers in Oralkhan Bokeev's Prose: Interplay of Translation Strategies, Cultural Context, and Literary Significance // *Forum for Linguistic Studies*. – 2025. – Vol. 7. – № 10. – P. 99-112. – DOI: <https://doi.org/10.30564/fls.v7i10.9717>
5. Akhmetova A., Hanayi O., Junisbayev A. The Relevance of the Study of Central Asian Literature in the Aspect of Postcolonialism // *Journal of Oriental Studies*. – 2022. – Vol. 103. – № 4. – P. 58-68. – DOI: <https://doi.org/10.26577/JOS.2022.v103.i4.06>
6. Andryushchenko O., Orynkanova G. Madeni transfer natizhesinde otarlyk zhane postotarlyk Kazakstan adebietindegi transmadaniettilik [Transculturality in colonial and postcolonial Kazakh literature as a result of cultural transfer] // *Til zhane adebiet: teoriyasy men tazhiribesi*. – 2025. – № 4(2). – P. 24-37. – DOI: <https://doi.org/10.52301/2957-5567-2025-4-2-24-37>
7. Akkalyiyeva A., Abdykhanova B., Meirambekova L., Jambayeva Z., Tussupbekova G. Translation as a Communication Strategy in Representing National Culture // *Social Inclusion*. – 2021. – Vol. 9. – № 1. – P. 5-13. – DOI: <https://doi.org/10.17645/si.v9i1.3455>

8. Bassnett S., Lefevere A. (eds.). *Translation, History and Culture*. – London; New York: Pinter Publishers, 1990. – 188 p.
9. Chamberlain L. *Gender and the Metaphors of Translation* // *Rethinking Translation: Discourse, Subjectivity, Ideology* / ed. by L. Venuti. – London; New York: Routledge, 1992. – P. 57–74.
10. Venuti L. *Introduction* // *Rethinking Translation: Discourse, Subjectivity, Ideology* / ed. by L. Venuti. – London; New York: Routledge, 1992. – P. 1-17.
11. Venuti L. *The Translator's Invisibility: A History of Translation*. – London; New York: Routledge, 1995. – 353 p.
12. Venuti L. *The Scandals of Translation: Towards an Ethics of Difference*. – London; New York: Routledge, 1998. – 210 p.
13. Venuti L. *The American Tradition* // *The Translation Studies Reader* / ed. by L. Venuti. – London; New York: Routledge, 1998. – P. 187-197.
14. Genzler E. (ed.). *Translation and Power*. – Amherst; Boston: University of Massachusetts Press, 2002. – 201 p.
15. Lefevere A. (ed.). *Translation, Rewriting and the Manipulation of Literary Fame*. – London; New York: Routledge, 1992. – 176 p.
16. Katan D. *Translating Cultures: An Introduction for Translators, Interpreters and Mediators*. – 2nd ed. – Manchester: St. Jerome Publishing, 2004. – 378 p.
17. Tymoczko M. *Translation, Ideology, and Creativity* // *Linguistica Antverpiensia. New Series – Themes in Translation Studies*. – 2021. – № 2. – DOI: <https://doi.org/10.52034/lanstts.v2i.74>
18. Bourdieu P. *The Logic of Practice*. – Stanford: Stanford University Press, 1990. – 333 p.

Information about the authors

A.Ye. Alpysbayeva – corresponding author, PhD, Associate Professor of International Relations, Leading Researcher, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan; e-mail: avgul.alpysbaeva.91@mail.ru;

Zh.Zh. Manapbayeva – PhD, Associate Professor, Director of the Center for Integration of Sustainable Development Goals, International University of Information Technology, Almaty, Kazakhstan; e-mail: zh.manapbayeva@iitu.edu.kz;

M.B. Tleulinova – PhD in Translation Studies, Faculty of philology, Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan; e-mail: tleulinova_mb@mail.ru.